

Назар аударыңыз! Шетелдік сапардан қайтып келушілер үшін өзекті ақпарат! 2020 жылғы 27 наурыздағы жағдай бойынша.

## **Коронавируспен күресу ережелері**

### **2020 жылғы 13 наурыз**

2020 жылғы 10 ақпандағы заңмен енгізілген соңғы өзгертулерімен бірге (Федералдық заңдар бюллетені I, 148-бет) 2000 жылғы 20 шілдедегі Инфекциялардан қорғау туралы заңның 32 бабының 1 және 2 абзацы негізінде (Федералдық заңдар бюллетені I, 1045-бет) федералдық жердің үкіметі қаулы етеді:

#### **§ 1**

(1) Осы қаулының күшіне енуіне дейін 14 күн бұрын және одан кейін SARS-CoV-2 вирусын жұқтыру тәуекелі бар аймақта болған тұлғаларға Инфекциялардан қорғау туралы заңның § 30, 2-тармағының 1-абзацына сәйкес өз баспанасында өзін-өзі оқшаулау бұйырылған. Гессен аумағынан тыс жерде тұратын, 1-сөйлемнің талаптары қолданылатын азаматтар үшін, Инфекциялардан қорғау туралы заңның § 31, 1-абзацына сәйкес Гессен жерінің аумағында кәсіби қызметті жүзеге асыруға тыйым салу бұйырылады.

Бұзушылар 25 000 еуроға дейінгі айыппұлмен және екі жылға дейінгі мерзімге түрмеге қамаумен жазалануы мүмкін.